



EGEMEN QAZAQSTAN

Ел ардақтаған ер Әбіш

Бұл күн – Кекілбаев атының асқақтай түскен күні болды! Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек ері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған іс-шаралар шеруі Алматыдан бастау алды.



Үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстаудың оймақтай ғана Оңды ауылында дүниеге келіп, бозбала шағында тоғыз адам ғана сыятын пароммен орталыққа жетіп, көліктен көлік ауыстырып, білім іздеп келген оның бар ғұмырының ең бақытты да мағыналы шақтары осы Алматы қаласында өтті. Осында жүріп жазушылық өнердің, суреткерлік шеберліктің шыңына шықты. Мағыналы да ғибратты ғұмырының табаны күректей қырық жылы дәл осы қалада өткендіктен заңғар жазушы есімін ұлықтаудың басы оның атына көше берумен басталды. Шаһардың орталығынан түп-тура тау беткейіне дейін сымдай тартылып жатқан сәнді әрі ұзын көшелердің бірі Каблуков енді Әбіш Кекілбайұлының есімімен аталатын болады. Қара сөздің хас шеберін мәңгілік есте қалдыру шарасына жиналған зиялылар мен туған жерінен, алыс-жақын аймақтардан келген қауым көрікті көшенің лайықты иесін тапқанына шын қуаныш білдірді. Көшенің ашылу рәсіміне Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысып, ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан жазушының есімін ұлықтаудың маңызын атап өтті. Әбіш Кекілбайұлы секілді біртуар перзентті бағалауға бағытталған шаралар шеруі тағы бір тағылымдық мәні бар тарихи сәтпен сабақтасты. Көше атауын беру шарасы аяқтала сала, жиылған қауым жампоз жазушының табанының ізі қалған алғашқы қарашаңырағы тұрған Н.Назарбаев көшесіндегі 118 үйге қарай шұбырды. Әдебиет, өнер, ғылым алыптары қоныстанған Алматының

алтын орталығындағы төрт қабатты болғанымен, төбесі биік салынған еңселі үй өткен-кеткенге ендігі жерде Әбіш Кекілбайұлы тұрған үй екенін ескерткіш-тақта белгісімен мойын бұрғызып айтып тұрады. Жазушылар одағынан таяқ тастам жерде тұрған қонақжай қаламгердің құтты мекеніне келіп дәм татып, өз үйіндей еркін көсіліп жатып, тонның ішкі бауындай араласқан рухани ағалары мен қаламдас бауырлары сол бір аяулы шақ туралы алғаусыз естеліктердің тиегін ағытты. Қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісов сағынышқа айналып, көмескі тарта бастаған шуақты күндер туралы дауысы дірілдей, көзі буалдыр тартып тұрып әңгімеледі. «Бүгін біз қазақ халқының теңдесі жоқ сүйікті ұлы Әбіш Кекілбайұлы тұрған үйдің алдында бас қосып тұрмыз. Бұл үй барша халқымыз үшін орны бөлек тарихи үй. Бұл – Әбіштің шаңырақ көтеріп, ұрпағы өсіп, өрісі кеңіген үйі. Ол кезде Әбіш жас, анасы Ай апа тың, осында қан майданда қаза тапқан Кекілбайдың ұрпағы бірінен кейін бірі дүниеге келді. Қуанышын бірге тойладық. Әбіштің алғашқы өлеңдер жинағы да, тұңғыш прозалық туындылары топтасқан «Бір шөкім бұлт» та, басқа да ең қуатты, ең құнды шығармалары осы үйде дүниеге келді. Танымы терең, зердесі биік жас Әбіштің қазақ әдебиетіндегі құбылыс болып қалыптасуына да, ұлы жазушы болып танылуына да осы үй куә». Өкшесін басқан інісі болса да, дарыны мен даралығын өзінен биік қоя сөйлеген қарт қаламгер Әбішін сағынып, жоқтап тұрғанын жасыра алмады.

Алматыда жоспарланған Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойына арналған айтулы оқиғалардың тізбегі түстен кейін Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен салтанатты кешпен жалғасын тапты. Қазақ қоғамында «Әбіш әлемі» деген тұтастай тұжырым қалыптастырған аңыз адам туралы ауқымды жиынды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров ашты. «Бүгінгі қазақ әдебиетін Әбіш Кекілбайұлының мол мұрасынсыз елестету мүмкін емес. Ә.Кекілбайұлының әдебиетімізге, тәуелсіздігіміздің баянды етуге қосқан үлкен үлесін еліміз жоғары бағалады. Еліміздегі ең жоғарғы награда «Қазақстанның Еңбек Ерімен» марапатталды. Бүгінгі кеште Әбіш Кекілбайұлының жан-жақты қырымен терең танысамыз деп ойлаймын. Бүгінгі кеш бүкіл еліміз үшін, шығармашылық қауым үшін өте маңызды. Оның тағылымды еңбек жолы біздің тарихымыздың, біздің мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Сондықтан мұндай рухани кештерді өткізудің маңызы зор. Әбіш Кекілбайұлының аса көрнекті қайраткер ретіндегі келбеті, асқақ тұлғалық есімі ел есінде мәңгі сақталады», деді әкім орынбасары Е.Бабақұмаров.

Әдебиеттегі алғашқы жолы басталған, кемеліне келіп қалыптасу кезеңінің куәсі болған Алматы қаласындағы кеш талай жақсы-жайсаңның басын қосып, ерекше тағылымды болып өтті. Өзі ерекше жақсы көріп, сүйіп өткен туған жері Маңғыстауының ыстық сәлемін жеткізген ел азаматтары ардақты ұлына аяулы мекен болған Алматыға ризашылығын білдіріп, әлем әдебиетіне олжа салған ұлы суреткерді ардақтау ісі жалғаса беретініне сендірді. Ұлы тұлғаға лайықты құрмет көрсету мақсаты көзделген мерейтой аясында алдағы уақытта Маңғыстауда да әдебиет және өнер қайраткерлерінің

халықаралық Конгресі, «Әбіш әлемі» атты театр фестивалі, мәдени байқаулар мен спорттық жарыстар, ескерткіш орнату, музей ашу секілді мол шаралар жиынтығы жоспарланып отырғанынан көпшілікті хабардар етті.

Ұлт руханиятында, әдебиеттің жылнамасында өшпестей ізін қалдырып кеткен қабырғалы қаламгер жөніндегі қатарлас қаламдастардың естелігінің жөні бөлек. Жазушының сонау студенттік жылдардан жақын жолдасы болған белгілі қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдіктің сағынышқа, сырға, сыйластыққа толы естелігін жиынға келген жұрт толқып отырып тыңдады. Бейнесі алыстаған сайын, асқар таулар секілді шоқтанып, бірте-бірте биіктеп бара жатқан Әбіш досынсыз өткен төрт жылдың терең салмағын сезіндірді. «Атақ-даңқтың түр-түрі болады. Бірі – адамның өзінің көзі тірісінде, екіншісі – өзі мәңгілік мекеніне аттанғаннан кейін. Дүниені дүркіреткен талайлар көзі жұмылғаннан кейін өзі де, сөзі де көмескі тартып, келер ұрпаққа болған-болмағаны белгісіз болып қалады. Себебі даңқ бар да, дақпырт бар. Астыңда тағың, басыңда бағың болса, сені жағалайтын адамдар табылады. Бұл – ерте ме, кеш пе, күні бітетін дақпырт. Шын даңқ, ол – мәңгілік. Әбіш сондай мәңгілік даңқтың иесі», деді Төлен Әбдік. Әлемдік әдебиеттегі үлкен күрделі мәселелерді кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, ішкі тағдырына сыйғызып құру шеберлігі ұлттық әдебиетте Ә.Кекілбайұлының шығармаларынан кең көрініс тапқанын жазушы жан-жақты әңгімеледі. Қазақ әдебиетіне «ой толқынына» негізделген жаңаша жазу үлгісін әкелген, бір өзі әдебиеттің бүкіл жанрында қалам тартқан Әбіш Кекілбайұлы әлі талай ұрпақ зерттейтін, шығармаларының тың, тосын иірімдері ашыла түсетін кең ауқымдағы жазушы. Айнымайтын мінезімен болмысының асылдығын көрсетіп, қимасына айналған қымбат досы туралы толғанысын жұрт та «айта түссе» дегендей, сілтідей тынып отырып тыңдады. «Оның шығармашылық қыры, қоғам, мемлекет ісін басқарудағы мінезінің кеңдігі, адамға деген жақсы көру сезімі, ықыласы – осыншама бай мінезді бір адамның бойына Құдай тағаланың қалай сыйдырғанына таңғаламын. Адамды жақсы көру дегеннің үлгісін айналасына Әбіш үйретті. Ол шын мәнінде ұлы тұлға, өзі кеткеннен кейін бұл тіпті айқындала түскен секілді. Әбіш әрқашан да ойыңдағының ар жағын айтатын ғажап ақылды жігіт еді!» деп түйіндеді сөзін әдебиеттің ұзын соқпағында бірге сапарлаған күндердің жадыда мәңгі қалған ең сәулелі сәттерін еске алған Төлен аға.

Республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі кемеңгер Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойына «Алаштың айбоз абызы» атты арнайы баяндама жасады. Ел газетін өзі басқарып отырған тұста, «Егемен Қазақстан» деп атын ауыстырған Әбіш Кекілбайұлы болғанын, ендеше Әбіш ағамыздың тойы – «Егеменнің» де тойы екенін орынды атап өтті. Сан қырлы асыл тас секілді уақытпен бірге жарқырай түсетін кемеңгердің ұстанған ұстанымдарының негізгі тіректерін – кісілік, қаламгерлік, қайраткерлік тұрғысынан терең ашып көрсетті. «Азаттықтың ақ таңы сібірлеп атқанда мемлекеттігімізді нығайтып, рухани тұғырын бекемдеуге, жаңа тұрпатта заң-жарғысын түзуге даналықпен үлес қосып, қаламгерлігі мен қайраткерлігін тәуелсіз республикамыздың гүлденуі

жолында сарп еткен, алғашқы Мемлекеттік хатшы, Жоғарғы Кеңестің Төрағасы лауазымын атқарған, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, классик жазушы Әбіш Кекілбаевты абыз деу жарасымды-ақ» деп, тау тұлғаның руханият пен қоғамдық-саяси өмірге сіңірген қызметіне кең шолу жасап, «абыз туралы аңыздың енді басталғанына» үміт артты.

Бір бойына ақындық, жазушылық, сыншылық, аудармашылық, саясаткерлік сынды сан қырлы қасиет қатар қонақтаған, тұғыры биік парасатты тұлғаның кешін ұйымдастырушылар сол бірегей болмысты біртұтас етіп көрсетудің бар мүмкіндігін қарастырғаны ұтымды шықты. Абыздың алқалы жиынына келгендер сахна төрінен үзіліссіз көрсетіліп тұрған деректі фильмнің қызықты кадрларын кеш бойы тамашалап, оның ұлтын шексіз сүйген үлкен жүрегінің дүрсілін дәл жанынан тыңдағандай, асқақ адами болмысымен қайта табысқандай болды. Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік Хор капелласының сүйемелдеуімен М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының әртісі, Қазақстанның халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұловтың «Абылай хан» спектаклінен оқыған монологы кеш ажарын аша түсті. Тарихтағы азаттық жолындағы күресті бейнелеу Кекілбайұлының көп қырлы талантының басты мұраты болса, ел туралы арманын сыйғызған «Абылай ханның» орны тіпті алабөтен. Отыз жыл бұрын сахналанса да, бүгінгі күнмен үйлесімді сабақтасып жатқан Ә.Кекілбайұлының тарихи драмасы әлі де өзектілігін жоймағанын, керісінше, дәл осы күнге арналып айтылғандай өміршең идеясын көрермен аса ықыласты қабылдады. Кеш өлеңмен өрнектелді, әнмен ажарланып, күймен көмкерілді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері әнші Елена Әбдіхалықова, күйші Айгүл Үлкенбаева, Тамара Асар, Маңғыстау филармониясының әншісі Жоламан Көшкінов, «МузАрт» тобы секілді белгілі өнер шеберлерінің шашуы кеш салтанатын асыра түсті.

«Ұлы адамдардың туған күні болады, өлген күні болмайды» деген сөздің растығын көл-көсір талантымен өзіне тұғыр соғып кеткен алаштың алдаспанына көрсетілген толассыз құрмет тіпті дәлелдей түскендей...

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ